

Әкімдіктің 2007 жылғы 16 сәуірдегі № 158 "Техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі және жоғары білім алатын мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға әлеуметтік көмектің қосымша түрін көрсету туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімдігінің 2011 жылғы 1 желтоқсандағы № 522 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 11 қантарда № 3791 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облыстық әкімдігінің 2017 жылғы 1 ақпандағы № 49 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облыстық әкімдігінің 01.02.2017 № 49 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланган күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 27-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңының 16-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. "Техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі және жоғары білім алатын мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға әлеуметтік көмектің қосымша түрін көрсету туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2007 жылғы 16 сәуірдегі № 158 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3571 болып тіркелген, 2007 жылғы 22 мамырда "Қостанай таңы" және "Костанайские новости" газеттерінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

2-тармақта:

5) тармақша жаңа редакцияда жазылсын:

"5) егер:

әлеуметтік көмек алуға өтініш білдіргенге дейін мүгедек оқу үшін төлемді толық көлемде өзінің жеке қаражатынан жүргізген болса, әлеуметтік көмек білім беру үйімінде тиісті оқу жылына арналған оқудың нақты құнының мөлшерінде көрсетіледі;

әлеуметтік көмекті тағайындау үшін өтініш білдіргенге дейін мүгедек оқу үшін төлемді өзінің жеке қаражатынан ішінара жүргізген болса, әлеуметтік көмек білім беру үйімінде тиісті оқу жылына арналған оқудың нақты құнының мөлшерінде көрсетіледі, бірақ нысаналы бағыты бойынша әлеуметтік көмектің

білім беру үйімінде оқудың толық құның төлеу үшін жетіспейтін бөлігі ғана пайдаланылады";

мынадай мазмұндағы 7) тармақшасымен толықтырылсын:

"7) әлеуметтік көмек көрсетуден бас тартады, егер:

осы тармақтың 5) тармақшасында көрсетілген жағдайларды қоспағанда әлеуметтік көмек нысаналы бағытта пайдаланылмаса;

әлеуметтік көмек тағайындау үшін талап етілетін барлық құжаттар ұсынылмаса. Өтініш беруші көрсетілген кедергілерді жойған кезде, өтініш жалпы негіздерде қаралады.";

мынадай мазмұндағы 2-1-тармағымен толықтырылсын:

"2-1. Қосымша әлеуметтік көмекті алу үшін мүгедектер мынадай құжаттарды ұсынады:

1) өтініш;

2) тұтынушының жеке басын куәландыратын құжат, ал кәмелетке толмаған мүгедек балалар үшін – туу туралы куәліктің көшірмесі;

3) тұтынушының тұрғылықты жері бойынша тіркеуді растайтын құжат;

4) мүгедектік туралы анықтама;

5) мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасынан үзінді;

6) тұтынушының салық төлеуші куәлігі (бар болса жеке идентификациялық нөмірі);

7) мынадай мәліметтері бар, тиісті оқу орны берген құжат:

тұтынушының бірінші техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімді алуы туралы;

мемлекеттік білім грантының жоқтығы туралы;

оқу түрі туралы;

курсын және мамандықтың атауын көрсете отырып, оқу орны туралы;

тиісті оқу жылына оқу төлемінің мөлшері туралы;

8) техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі немесе жоғары білім алу үшін жергілікті бюджет қаражаты есебінен тұтынушыға төлемдердің өзге тұрларінің жоқтығын растайтын, тұтынушының тұрғылықты жері бойынша тұрғындарды әлеуметтік қорғау саласында уәкілетті орган берген құжат;

9) тұтынушының банктік шотының болуын растайтын құжат;

10) тұтынушының заңды өкілі өтініш жасаған кезде:

заңды өкілінің жеке басын куәландыратын құжат;

заңды өкілінің өкілеттіктерін растайтын құжат қоса беріледі.

11) егер мүгедекпен, әлеуметтік көмек тағайындалуына өтініш жасағанға дейін, оқуға төлем ішінәра немесе толық өзінің қаражатынан жасалса, тиісті оқу орнынан жүргізілген төлемді растайтын құжат ұсынылады.

Салыстыру үшін құжаттар көшірмелері мен тұпнұсқаларда ұсынылады, одан

кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берген күні өтініш берушіге қайтарылады.";

3-тармақта:

2) тармақшасы алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 4) тармақшасымен толықтырылсын:

"4) бюджеттік қаражаттың мақсатты пайдалануына бақылау жүргізілсін".

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С.Ш.

Бектұрғановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Костанай
облысының әкімі*

C. Кулагин

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК